

ЖШС «Жарқын шақ» бөбекжай балабақшасы

Педагогикалық кеңес хаттамалары 2021-2022 оқы жылы



№1 педагогикалық кеңестің хаттамасы

28.08.2021 ж

Қатысқандар саны –10

Күнтәртібі:

Тақырыбы «2021-2022 оқу жылына арналған білім беру саясатының басым бағыттары»

1.Педагогикалық кеңес хатшысын сайлау

Педагогикалық ұжымды «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың дамыту моделімен және 2021-2022 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен» таныстыру.

2.Балабақшаның 2020-2021 оқу жылына арналған жылдық жоспарын және ұйымдастырылған оқу қызмет кестесін, оқу жылына арналған өтпелі тақырыптар тізімі мен күн тәртібін бекіту.

3.Педагогикалық алаң пікірталасы:Тәрбиешілер үшін «Креативтілік» тренингі

4.Жазғы сауықтыру жұмыстарының есебі

5.Топтарға жауапты тәрбиешілерді бекіту.

6.Жас мамандарға тәлімгерлерді бекіту

1.Тыңдалды балабақша меңгерушісі Ж.Мухамеджанова қызметкерлерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап,елімізде орын алып отырған індет отбасына және балабақша жұмысына кері әсері болмауын тіледі және ұжымның назарын педкеңеске бағыттап №1 педагогикалық кеңестің күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды. Сонымен бірге меңгеруші педагогикалық кеңестің құрамына құрамына білім беру ұйымының басшысы (төрайым), әдіскер, педагогтар, тәрбиешілер, психолог кіретіндігін айтты. Сонымен қатар, педагогикалық кеңестің өз құрамынан 1 жылдық мерзімге хатшы сайлауды ұсынды.

Сөйледі балабақша әдіскері Б.Мыктыбаева өткен оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы С. Алипова кеңес хаттамасын сауатты жүргізіп, баяндамалар мен құжаттарды өз мезгілінде жинақтар отырғанын айтып,қайта сайлауды ұсынды.

Педагогтар толық қосылатындығын білдірді.

Сөйледі меңгеруші Ж. Мухамеджанова Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың дамыту моделімен таныстырды .Үкімет 2021 жылы №137 бұйрықпен мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеуді дамыту моделін бекітті. Жаңа тұжырымдамалық құжат өз қызметін жобалай алатын және баланың дамуын болжай алатын шығармашылық, ойшыл тәрбиешілерге бағытталған. «модель» терминінің өзі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту және жетілдіру бағыттарын анықтайтын тәсілдер мен принциптердің жиынтығы ретінде қарастырылатынын түсіндірді.

Екіншіден, құжатта негізгі ұғымдар: ерте даму, инклюзивті білім беру, қолдау қатынастары, даму ортасы, өзара іс-қимыл қарастырылады. Мұның бәрі оқытудағы жеке тұлғаға бағытталған тәсіл туралы айтады.

Үшіншіден, Модельде бұрыннан шешуді талап ететін мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіндегі өзекті мәселелерге талдау келтірілгенін айта келе педагогтардың біліктілігін арттыру, әдіскердің талдау-сүйемелдеу қызметі, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру, ЕБҚ бар балаларды әлеуметтендіру бойынша мәселелер қамтылғанын айтып өтті. Осылайша, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі барлық заманауи халықаралық үрдістерді ескереді, білім беру процесінің барлық қатысушыларының өзара іс-қимылы арқылы бақытты, дені сау, дербес, білімқұмар, көпшіл, сыни ойлайтын балалардың тұтас дамуы үшін жағдай жасауға бағдар бере тін құрал екенін түсіндіріп берді..

3. Сөйледі балабақша әдіскері Б.Мыктыбаева 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстырды. Нұсқау хатта 2021-2022 оқу жылындағы негізгі міндеттер белгіленгенін, олар: әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті ортақұруды, балаларды қызықты ойын түрінде (шаршауды болдырмау үшін) тәрбиелеу, оқыту және дамытуды ерекше қабілетті балаларға оң көзқарастар қалыптастыру, әртүрлі әлеуметтік топтардан шыққан балалардың сапалы мектепке дейінгі білім алуы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету. Сонымен бірге тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтардың қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:

1) ойын арқылы оқыту; 2) білім беру салаларын кіріктіру арқылы тәрбиелеу, оқыту, дамыту екенін айтып өтті. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру мақсатына сәйкес келесі күтілетін нәтижелерге жету ұсынылады

1) дені сау, дербес, білуге құмар, тіл табысқыш, сын тұрғысынан ойлайтын балалардың толыққанды дамуы үшін жағдай жасау, 2) оқытудың әртүрлі әдістемелері мен технологияларын, білім беру процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін, тәсілдерін пайдалану, 3) ұлттық мәдениет пен дәстүр арқылы рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде баланың жеке қасиеттерін қалыптастыру.

Сонымен бірге тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері және заттық – кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыруға қойылатын талаптар тарауына тоқталып түсіндіріп өтті. Сонымен бірге әдіскер перспективалық жоспар, циклограмма жасау үлгісімен таныстырып өтті. Биылғы оқу жылында үлгілік оқу жоспарында өзгерістер жоқ екеніне тоқталды.

2. Тыңдалды балабақша әдіскері Б.Мыктыбаева педагогтарды 2021-2022 оқу жылының жылдық жоспарымен, күн тәртібі және топтарға арналған ұйымдастырылған оқу іс-әрекет кестесімен таныстырып өтті.

Жылдық жоспардың мақсаты

1. Бәсекеге қабілетті мектеп жасына дейінгі тұлғаларды тәрбиелеу мақсатында физикалық дамытудың инновациялық нысандары мен әдістерін енгізу арқылы денсаулық құндылықтарын қалыптастыру.

2. Таным мәдениетін қалыптастыруға бағытталған балалардың жүйелі сөйлеуін дамыту бойынша заманауи әдістер мен нысандарды қолдану арқылы балаларды оқыту сапасын арттыру.

3. Мектепке қолайлы бейімделуге қажетті болашақ оқушының жеке қасиеттерін қалыптастыру.

Осы мақсаттарды орындау үшін жұмыстар жүргізуді ұсынды.

Сондай-ақ әдіскер топтардың ұйымдастырылған оқу қызмет кестесіне тоқталып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына және жаңа редакцияда 12.05.2020 № 195 бұйрығына сәйкес үлгілік оқу жоспарына сай дайындалғанын айтып, барлық топтың оқу қызмет кестесін толық түсіндіріп өтті.

Сонымен бірге әдіскер вариативті компоненттердің тақырыптарын таңдауды ұсынды. Ересектер тобында 2 сағат вариативті компонент жобаланатынын, 1 сағат «Шығармашыл балалар», 1 сағат «Ритмика», ортаңғы топтарында 2 сағат вариативті компонент берілгенін, 1 сағат — «Бояулар сыры», 1 сағат «Ойнап жүріп үйренеміз» вариативті компонент тақырыптарын алуды ұсынды.

Сондай-ақ барлық топқа баланың қалыпты дамуына және оның денсаулығын нығайтуға мүмкіндік беретін күн тәртібі құрылғанын айтып өтті. Күн тәртібі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 217 бұйрығымен бекітілген «Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларының 3 кестесіне сәйкес және 2021-2022 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатқа сай негізге алынғанын айтып, күн тәртібін қатаң сақтау керектігін ескертті.

Сөйледі әдіскер Б.Мыктыбаева балаларды тәрбиелеу мен білім беруде басшылыққа алынатын өтпелі тақырыптар тізімімен таныстырды. Тақырыптар мемлекеттік және ұлттық мерекелерге, маусымдық іс-шараларға, өңірлік және климаттық ерекшеліктерге және т. б. Байланысты таңдалуы керектігін ескертті.

Педагогтар өздері таңдаған тақырыптар тізімдерімен көрсетті. Өтпелі тақырыптар талқыланып бекітілді. (Тақырыптар тізімі қоса беріледі)

3. Тыңдалды балабақша әдіскері Б.Мыктыбаева Тәрбиешілер үшін «Креативтілік» тренингін өтті. Креативтік мәселелері бойынша тренинг қатысушыларының біліктілігін арттыру және оны дамытудың кейбір әдістерін меңгеру мақсатында өткізілді. Әдіскер тренингінде креативтілік бұл адамның ерекше идеяларды, керемет шешімдерді, жаңа бір нәрсені ойлап табуды ерекше идеяларды, керемет шешімдерді, жаңа бір нәрсені ойлап табуды туындату

қабілеті екенін дәлелдеп креативтікті дамытудың кейбір әдістерімен және оны дамыту жағдайларымен таныстырды. (Тренинг жоспары қоса тіркелді)

4. Тыңдалды әдіскер Б.Мыктыбаева жазғы сауықтыру жұмыстарының есебі. Жаз мезгілі бала өмірі үшін өте қызықты, маңызды кезең екенін, балалардың денсаулығын нығайту үшін атқарылған жұмыстарға тоқталды. Жазғы күн тәртібі бекітіліп, оқу іс-әрекеттер, дене шынықтыру мерекесі, апталықтар өткізілгенін айтып өтті. Балалар шығармашылығын дамытуға сурет көрмесі, асфальтта сурет салу, ән-би кеші, сондай ақ дене шынықтыру мерекесі өткізілгенін, бұл іс шараларға балалар белсенді қатысқанын айтып өтті. Тәрбиешілердің жазғы сауықтыру шынықтыру жұмыстарының өтілуін қанағаттанарлық деп есептеуді ұсынды. Ұжым бұл ұсынысты құптайтындықтарын білдірді.

5.Тыңдалды меңгеруші Ж.Мухамеджанова топтарға жауапты тәрбиешілерді бекіту бойынша топтарда жұмыс істейтін педагогтар мен көмекші тәрбиешілердің тізімімен таныстырды.

6.Тыңдалды балабақша меңгерушісі Ж. Мухамеджанова көмекті қажет ететін жас мамандарды анықтап олармен жұмыс ұйымдастыру туралы тоқталды. Биылғы оқу жылында тәрбиеші М.Сейдуллаева тәлімгер етіп А. Досханова бекітілетінін айтты. Сондай ақ жас маман мен тәлімгер арасындағы жұмыс арнайы жоспар бойынша жүргізілетінін ескертті.

Қаулы:

1.Балаларды тәрбиелеу мен білім беру үдерісінде «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың дамыту моделі және 2021-2022 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хат басшылыққа алынсын.

2. Балабақшаның 2020-2021 оқу жылына арналған жылдық жоспары және ұйымдастырылған оқу қызмет кестесі, оқу жылына арналған өтпелі тақырыптар тізімі мен күн тәртібі бекітілсін.

Варитивті компонент тақырыптары бекітілсін.

3. Жазғы сауықтыру жұмыстарының есебі қанағаттанарлық.

4. Топтарға жауапты тәрбиешілер бекітілсін.

5.Жас мамандармен жұмыс жоспары бекітіліп жұмыс жүргізілсін.

Жауапты әдіскер Б.Мыктыбаева Орындалу мерзімі жыл бойы

Кеңес төрайымы:

Ж. Мухамеджанова

Хатшысы:

С. Алипова

№2 педагогикалық кеңестің хаттамасы

28.10.2021 ж

Қатысқандар саны –12

Күн тәртібі:

Тақырыбы: «Жүйелі сөйлеуді дамытудың педагогикалық технологияларын енгізу балалардың тілдік қабілеттерін дамыту шарты ретінде»

- 1.Өткен педкеңес шешімінің орындалуының есебі.
- 2.Баяндама: «Жаңа нұсқадағы ескі ұмытылған ТРИЗ»
- 3.Тақырыпты тексеру қорытындысы:«Балаларды еңбекке баулуда еңбек түрлерін жүйелі пайдалану және оның құралдары»
4. Шеберлік сағат: «Тілді дамытамыз, ойынды да ұмытпаймыз!»

№2 педагогикалық кеңесті балабақша меңгерушісі Ж. Мухамеджанова ашық деп жариялап, кеңестің күн тәртібімен таныстырды.

1. **Тыңдалды** балабақша әдіскері Б.Мыктыбаеваның өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы есебі.Балаларды тәрбиелеу мен оқыту қатаң нормативтік құжат тарға сай, мемлекеттік стандарт талаптарына негізделіп топтарда бекітілген кестеге сәйкес ұйымдастырылған оқу қызметтері жүргізіліп жатқанына тоқталды. Тәрбиешілер мен мамандардың перспективалық жоспары өз уақытында бекітіліп, циклограмма толыққанды жазылып жатқанын, сонымен бірге балалардың денсаулығы мен өмірін қорғау бойынша короновирустық инфекцияға қарсы шаралар жүйелі жүргізіліп айтып өтті.

2.Тыңдалды балабақша тәрбиешісі М.Сейдуллаев «Жаңа нұсқадағы ескі ұмытылған ТРИЗ» тақырыбында баяндамасы. Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған ТРИЗ бағдарламасы –бұл тәрбиешілер үшін егжей-тегжейлі нұсқаулықтары бар ұжымдық ойындар мен сыныптар бағдарламасы. Барлық іс-шаралар мен ойындар баладан тақырыпты , материалды және қызмет түрін өздігінен тандап алуды талап етеді. Олар балаларға заттардың, құбылыстардың қарама-қайшылықты қасиеттерін анықтауға және осы қайшылықтарды шешуге үйрететініне тоқталып, ТРИЗ ойындары арқылы шығармашылық өнертапқыштық мәселелеріне үйретудің бірнеше түріне тоқталып өтті. Бірінші кезеңде балаға ҰОҚ кезінде шындық пен мәнді іздеу,екінші кезеңде «қос құпиялылықты табу» , үшінші кезең кезде балалар заттардың жаңа қыры мен қасиеттерін ашатын жауаптар табуға үйрету, төртінші кезең ертегідегі мәселелерді шешу және арнайы әдістерді қолдана отырып жаңа ертегілер құру екенін түсіндірді.

Сөйледі балабақша әдіскері Б.Мыктыбаева ТРИЗ әдісінің негізгі әдістері миға шабуыл, қарама-қайшылық әдісі, кішкентай адамдарды модельдеу, жүйелік талдау, әдістер каталогы. морфологиялық талдау және лулия шеңбері болып бөлінетінін айтып, баяндамашыны толықтырып өтті. Мысалы бір объектінің қасиеттерін екіншісіне ауыстыру тсс ойындардың қалай орындалатынына тоқталды.

Балабақша тәрбиешісі А. Досханова баяндамадан жақсы әсер алғанын, оны балалармен жұмыста пайдаланатынын айтты.

3. **Тыңдалды** балабақша әдіскері Б.Мыктыбаева :«Балаларды еңбекке баулуда еңбек түрлерін жүйелі пайдалану және оның құралдары» тақырыпты тексеру қорытындысымен таныстырып өтті Ортаңғы топта еңбек түрлері жобаланып өткізілген. Балалардың еңбек ету құралдары кезекшілікке, табиғат бұрышындағы және шаруашылық тұрмыстық еңбек түрлеріне дайындалған. Күн тәртібінде таңертеңгі бос уақыттар мен серуен кезінде еңбек түрлері жобаланған. Балалар кезекшілікті өз бетінше тапсырманы тиянақты орындай алады. Сонымен бірге кемшіліктер: серуен кезінде еңбек түрлері жиі қайталанған. Қол еңбегі аз жобаланған. Еңбек ету құралдары мен киімдері талапқа сай дайындалмаған.

Ересек топтарда Жалпы балабақша бойынша еңбек тәрбиесін ұйымдастыру үшін пәндік-дамытушылық ортаның толықтырылуы орташа деңгейде, Әр топта еңбек тәрбиесіне арналған

ойыншықтар мен тұрмыстық заттар, тақырыптық және сюжеттік суреттер жинақталған. Балалар еңбегі серуен кезінде жобаланған. Сонымен бірге кемшіліктерге тоқталды: екі топта да кезекшілік бұрыштарының дизайны бірдей, ересектердің еңбегімен таныстыру аз жобаланған, ресурстар ескірген.

Осы кемшіліктерді 1 ай ішінде орындауды ұсынды.


Тәрбиешілер келісім берді.

4.Тыңдалды«Тілді дамытамыз, ойынды да ұмытпаймыз!» шеберлік сағатты балабақша әдіскері Б.Мыктыбаева өткізді.Балабақша тәрбиешілері тіл дамыту оқу қызметіне арналған дидактикалық ойындар жинағымен бөлісті. Ете жас топ тәрбиешісі Б. Байбекова «Жаңғырық», «Баяу, орташа, қатты» т с с ойындардың өтілуіне тоқталды. Ересектер топбының тәрбиешісі «Сөзтізбек, Гүл шоғын жина, Мені тура қайтала, Әдемі сөзді тап» т с с ойындар өтілуіне тоқталды.

Қаулы:


- 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық
2. «Жаңа нұсқадағы ескі ұмытылған ТРИЗ» баяндамасындағы мәселелер балалармен оқу жұмыстарына ендірілсін.
- 3.«Балаларды еңбекке баулуда еңбек түрлерін жүйелі пайдалану және оның құралдары» тақырыпты тексеру қорытындысы бойынша анықталған кемшіліктер орындалсын. Мерзімі 1 ай.
- 4.«Тілді дамытамыз, ойынды да ұмытпаймыз!» шеберлік сағаттағы ойындардан картотека жасалып, тәрбиешілерге таратылсын.

Кеңес төрайымы:



Ж. Мухамеджанова

Хатшысы:



С. Алипава

№3 педагогикалық кеңестің хаттамасы

28.12.2021 ж

Қатысқандар саны –12

Күн тәртібі:

Тақырыбы: «Балалардың танымдық қызметінде дербестік және бастамшылығын дамыту»

1.Өткен педкеңес шешімінің орындалуының есебі.

2.Баяндама: «Сыни ойлау, креативтілік, коммуникация және кооперацияны анықтау: 4К моделі«Балаларды оқытқан кезде сыни ойлау технологиясын қалай пайдалану керек»

3.Тақырыпты тексеру: «Шығармашылық білім саласы, сурет салу, жапсыру мүсіндеу оқу қызметтерінде бағдарлама талаптарының орындалуы»

4.«Қатынас» БС көркем әдебиетті тану балалардың сөйлеу дағдыларының сапасы мен мазмұндылығы» тақырыпты тексеру

5.Шеберлік сынып:«Жұптық топтық сабақтарды ұйымдастыру»

№ 3 педагогикалық кеңесті балабақша меңгерушісі ашық деп жариялап, кеңестің күн тәртібімен таныстырды.

1.Тыңдалды балабақша әдіскері Б.Мыктыбаеваның өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы есебі. Өткен кеңесте баяндамада көтерілген ТРИЗ технологиясын балабақшада қолдану ортаңғы , ересек және мектепалды даярлық топтарда жобаланып жатқанын, балаларды шығармашылық шеберлікке баулу жұмыстары барлық оқу қызметтерге, серуен кезінде жүргізілгенін айтып өтті. Сонымен бірге ТРИЗ элементтерін пайдалану балалармен оқу іс әрекеттерді тиімді өткізуге жол ашқанын, сондықтан тәрбиешілерге әдістерді жүйелі пайдалануды ұсынды. Тәрбиешілер толық қосылатынын білдірді.

Сонымен бірге әдіскер тәрбиешілермен тіл дамыту дидактикалық ойындар картотекасын барлық топқа таратылғанын, тәжірибемен бөліскен тәрбиешілер А.Аяпова, Н. Сыздықыва алғысын білдірді.

Сондай ақ «Балаларды еңбекке баулуда еңбек түрлерін жүйелі пайдалану және оның құралдары» тақырыпты тексеру қорытындысы бойынша топтарда кезекші бұрыштары мен балаларға арналған еңбек құралдары толықтырылғанын айтып өтті.

2. Тыңдалды балабақша тәрбиешісі Н. Сыздықываның: «Сыни ойлау, креативтілік, коммуникация және кооперацияны анықтау: 4К моделі «Балаларды оқытқан кезде сыни ойлау технологиясын қалай пайдалану керек» тақырыбында баяндамасы.Сыни тұрғыдан ойлау кез-келген жаста қолайлы, сондықтан мектеп жасына дейінгі балаларды өз көзқарастарын білдіруге, мәселені шешуге және шешуге үйрету керек. Бұған мектеп жасына дейінгі балалардың қызметін ауызша ұйымдастырудың дәстүрлі емес әдістері көмектеседі. Мысалы, синквейн – бес жолды өлең. Балаларға түрлі-түсті үшбұрыштарды қолдана отырып, өлең жолдарын құруды үйретуге болатынын,ал « Суретті жалғастыр» тапсырмасы арқылы

балаларды сыни ойлауға үйрету жолдарын түсіндіріп өтті. Сыни ойлауды дамыту әдістері сөйлеуді, балалардың ойлауын, қарым-қатынас дағдыларын дамытады, сөздік қорын байытуға көмектеседі және өз пікірлерін еркін айтуға үйретеді. Ал сыни ойлау дегеніміз – бұл: жаңа сұрақтарды қою қабілеттілігі; өз пікірін қорғау үшін айғақтар өңдеп, шешім шығара білу; ақпаратты тек түсіндіре алу ғана емес, сонымен қатар талдай білу екенін айтты. Сонымен бірге балалардың тек ойлауын ғана емес, әсіресе «сыни ойлауын» дамыту неліктен соншалықты маңызды?

- Айырмашылығы неде?,-деген сұрақтарға жауаптар беріп өз тәжірибесі- мен бөлісті. Сөйледі балабақша меңгерушісі Ж. Мухамеджанова қазіргі кезде 4К моделі арқылы балаларды дамыту өзекті мәселе болып тұрғанын, баяндамада тәрбиешілердің жұмысына керекті мәліметтер көтерілгенін айтып, Н. Сыздықоваға алғысын білдірді, тәрбиешілерге балалармен жұмыста қолдану керектігін ескертті. Тәрбиешілер толық келісті.

3.Тыңдалды балабақша әдіскері Б.Мыктыбаева«Шығармашылық білім саласы, сурет салу, жапсыру мүсіндеу оқу қызметтерінде бағдарлама талаптарының орындалуы» тақырыпты тексеру қорытындысымен таныстырды.

- «Көгершін» ортаңғы топта бейнелеу өнері оқу іс әрекеттері бағдарлама талаптарына сай жобаланған,оқу әс әрекеттер толық өткізілген. Топтарда сурет салуда заттық, сюжетті және сәндік суреттер салғызу орындалғанын, мүсіндеу оқу іс әрекеттерінде балалардың мүсіндеу дағдыларын меңгеруі қанағаттанарлық, балалардың 88 %-і жемістер, көкөністерді жақсы мүсіндей алады, 70% бала ермексаз кесегін бөліп алып ширату, созу тәсілдерін пайдалана алады, «Ақбота» ортаңғы топта сурет салу, мүсіндеу, жапсыру оқу қызметтері талапқа сай жүргізілген, топта заттық сурет салу- ; мазмұнды сурет салу-; сәндік сурет салу- 2 рет жобаланған.Балалар суреті ашық түспен салынған, қалам, бояу және фломас -тер қолданылған. Балалардың 60% -ы жұмысын өз уақытында аяқтап шығады. Мүсіндеу бірнеше бөліктерге бөліп мүсіндеу, есу, ойықтау, домалақтау дағдыларын пайдаланып заттарды мүсіндеуде 50% бала орындай алады. Топта заттық мүсіндеу ғана орындалған.

Жапсыру да сопақша және дөңгелек пішіндерді қию- 60% бала, үшбұрышты, шаршыны көлденең қию дағдылары – 45% бала меңгерген. Балалардың пішінді қағаз бетіне дұрыс орналастыру біліктері дамығын балалар- 80% .

Топта сәндік жапсыру, жұлмалап жапсыру жобаланбаған.

«Қарлығаш» ересек тобында бейнелеу оқу қызметтер апталық жүктемеге сай аптасына 1 рет жобаланған. Тақырыптар бағдарлама талаптарына сай келеді.

Тәрбиешінің үлгісі талапқа сай дайындалған. Топта заттық сурет салу; мазмұнды сурет салу-: сәндік сурет салу- 4 рет жобаланған. Балалар жұмысы ашық түсте орындалған.Балалардың 30% -ы ұқыпты орындап,сурет салу дағдыларын жақсы меңгерген, орташа меңгерген балалар үлесі- 50%; ал 20% балалар тәрбиешінің көмегін күтеді.

Мүсіндеу оқу қызметінде балалардың 60% таныс тәсілдерді пайдаланып мүсіндей алатынын көрсетті.

Жапсыру оқу қызметінде балалар қию және желімді пайдалану дағдылары дамыған. Бірақ сәндік сурет, жапсыру, мүсіндеу өте аз жобаланған.

Ересек және мектеп алды даярлық топта ұжымдық жұмыс жобаланбаған.

Осы кемшіліктерді саралай келе әдіскер бейнелеу оқу қызметінде бағдарлама талаптарының орындалуы қанағаттанарлық деп есептеуді, айтылған ескертулерді алдағы уақытта орындау керектігін айтты.

Тәрбиешілер толық қосылып, ескертуді орындайтындықтарын айтты.

4.Тыңдалды «Қатынас білім саласы бөлімдерінің бағдарлама бойынша жүргізілуі» ортаңғы топтарда өткен тақырыпты тексеру қорытындысы

Меңгеруші Ж. Мухамеджанова топтарда сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет оқу қызмет- тері бағдарлама талаптарына сай жүргізілгенін, сөйлеуді дамыту бөлімдері бала- лардың сөздік қорын дамыту, грамматикалық құрылымын қалыптастыру, байланыс- тырып сөйлеуге үйрету жүйелі жобаланғанын айтып өтті. Сонымен бірге меңгеру- ші сабақтан тыс уақытта тіл дамыту жұмыстарының формалары сахналау мен тіл ұстарту жаттығуларының циклограммада жобаланғаны туралы айтып өтті. Балалардың тексеру бойынша тілінің дамуы, құрдастарымен және тәрбиешілермен қарым-қатынас жасауы талапқа сай екеніне тоқталып, ортаңғы топта«Қатынас» білім саласы бөлімдерінің бағдарлама бойынша жүргізілуі қанағаттанарлық деп есептеуге толық негіз бар екенін айтты.

Сондай ақ меңгеруші тексеру бойынша анықталған кемшіліктерге тоқталып ұсыныстар берді.

Тәрбиешілер айтылған кемшіліктерді мойындап, мерзімінде орындауға келісім берді.


5.Шеберлік сынып:«Жұптық топтық сабақтарды ұйымдастыру» бойынша бала- бақша тәрбиешісі өткізді. Шеберлік сыныпта жұптық, топтық сабақтарды ұйымдастыру тиімділігі педагогтарға үйретіліп, Топтық, жұптық жұмысты пайдалану сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектесетіні , сабақта барлық баланы қамтуға қол жететіні және балалар өздігінен тапсырмы орындауға қол жеткізітіні түсіндірілді.Тәрбиешілермен «әткеншек стратегиясы, ақпарат текшесі, мозайка» әдістері өткізіліп, тәрбиешілерге жұптық, топтық сабақтар ұйымдастыру тәсілдері түсіндірілді.

Балабақша әдіскері Б.Мыктыбаева жұптық, топтық әдістер тіпті қарапайым кеңіс- тікте балаларды орналастыра да балалардың арасында белсенді байланыс орнайты- нын,қарым-қатынасы жақсарып,алға деген құлшыныс пайда болатынын айт а келе, А.Аяпова шеберлік сыныптын жақсы мағлұмат алғанын айтып,өз алғысын білдірді. Тәрбиешілер де қосылатынын білдірді.

Қаулы:

1. Өткен кеңестің орындалуы қанағаттанарлық.
2. Н. Сыздықова 4К моделі «Балаларды оқытқан кезде сыни ойлау технологиясын қалай пайдалану керек» баяндамасындағы қамтылған мәселелер балалармен жұмыста қолданылсын.
3. «Шығармашылық білім саласы, сурет салу, жапсыру мүсіндеу оқу қызметтерінде бағдарлама талаптарының орындалуы» тақырыпты тексеру қорытындысы қанағаттанарлық. Анықталған кемшіліктер мерзімінде түзетілсін. Мерзімі 30 қаңтарға дейін, жауапты тәрбиешілер.
4. «Қатынас» БС көркем әдебиетті тану балалардың сөйлеу дағдыларының сапасы мен мазмұндылығы» тақырыпты тексеру қорытындысы қанағаттанарлық. Айтылған ұсынысты орындалсын. Мерзімі 30 қаңтарға дейін.
5. «Жұптық топтық сабақтарды ұйымдастыру» шеберлік сыныптағы көтерілген мәселелер өзекті. Балаларды тәрбиелеу мен оқытуға ендірілсін. Жауапты тәрбиешілер.

Кеңес төрайымы:



Ж. Мухамеджанова

Хатшысы:



С. Алипова

№4 педагогикалық кеңестің хаттамасы

30.03.2022 ж

Қатысқандар саны –12

Күн тәртібі:

Тақырыбы: «Балалардың зияткерлігін дамыту»

1. Өткен педкеңес шешімінің орындалуының есебі.
2. Баяндама: «Ойнап оқытамыз: жұмбақ ойындарды қалай қолдануға болады»
3. Тақырыпты тексеру қорытындысы: «Балалармен ізденіс-танымдық және тәжірибелік-эксперименттік іс-әрекетті ұйымдастыру»
4. Педагогикалық идеялар аукционы «Менің педагогикалық жаңалығым»

Балабақша меңгерушісі Ж. Мухамеджанова педагогикалық кеңестің күн тәртібімен таныстырды.

1. Тыңдалды балабақша әдіскері Б.Мыктыбаеваның өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы есебі. Өткен кеңесте баяндамада көтерілген «Балаларды оқытқан кезде сыни ойлау технологиясын қалай пайдалану керек» баяндамасындағы әдістер мен ойындар топтарда кеңінен пайдаланылып жатқанын айтып өтті.

Сонымен бірге «Шығармашылық білім саласы, сурет салу, жапсыру мүсіндеу оқу қызметтерінде бағдарлама талаптарының орындалуы» тақырыпты тексеру кезінде анықталған кемшіліктердің өз мерзімінде орындалғанын айтып өтті.

Сонымен бірге Б.Мыктыбаева «Қатынас» БС көркем әдебиетті тану балалардың сөйлеу дағдыларының сапасы мен мазмұндылығы» тақырыпты тексеру қорытындысы бойынша айтылған ұсыныстар ағымдағы оқу тәрбие жұмыстарында ескеріліп жатқанын айтып өтті. Топтарда кітап бұрыштары жаңартылып, балаларға арналған кітаптармен толықтырылды. Өткен кеңесте ұсынылған қатынас білім саласына арналған дидактикалық ойын топтамалары тәрбиешілерге таратылып, топтарда тәрбиешілер қолданып жатқанын айтып өтті.

2. Тыңдалды балабақша тәрбиешісі А. Досханова «Ойнап оқытамыз: жұмбақ ойындарды қалай қолдануға болады» тақырыбында баяндамасы. Ол өз баяндамасында жұмбақ ойындар балалардың көңілін оны механикалық қайталауға емес, өлең мәтіндегі мазмұнға аударуға мәжбүрлейтінін, содықтан олар сөздік-логикалық жадыны дамытып, танымдық процестердің бүкіл шоғырын іске қосатыны туралы айтып өтті. Сонымен бірге баяндамада – жалпы дамытатын топтарда және дұрыс сөйлемейтін балалармен түзетпелі жұмыста жүргізуге болатын ойын үлгілерімен таныстырды.

Сонымен бірге жұмбақ ойындарды пайдалану бағдарламасы келесі міндеттерді қояды: сөзге деген қызығушылықты дамыту; сөйлеу белсенділігін, дыбыстар мен әріптерді дұрыс әрі анық шығара білуді қалыптастыру; тіл нормалары мен ережелерінің білім жиынтығын (тілдің дыбыстық мәдениетін, сөздік құрамын,

сөздің грамматикалық құрастырылуын, сөйлем құрастыруды, сөйлемнің құрылымын, сөздің құрылымын) беру; сұхбаттасушыны тыңдай білуді қалыптастыру, сұрақтар қою (қатынастық мотив); дағдыларды рет-ретімен, нақты дамыту, грамматикалық қеружелерді сақтап, әңгімені немесе тәсілді қайтуды мәнерлеп және бірте-бірте құрастыру;

еріктілікті мектепке қажетті қалыптасатындайындық ретінде қалыптастыру; мектепке өн егелік және еріктідайындықты қалыптастыру екенін түсіндірді.

Сөйледі әдіскер Б.Мыктыбаева қазіргі кезде балалардың тілін дамыту өте өзекті мәселе болып жатқанын, инклюзивті білім беру тәжірибесіне сүйеніп балалар тілін дамытуда жеңуге ықпал ететін **ең тиімді әдістерді** іздестіру керектігін ескертіп, осындай ерекше әдістердің бірі «Текше қала» ойын технологиясын да пайдалануды ұсынды.

3. Тыңдалды балабақша әдіскері Б.Мыктыбаева «Балалармен ізденіс-танымдық және тәжірибелік-эксперименттік іс-әрекетті ұйымдастыру» тақырыпты тексеру қорытындысымен таныстырып өтті. Тексеру 14 наурыз күні мектеп алды даярлық және ересек топтарда өткізілді.

Тәжірибелік-эксперименттік іс-әрекет жеткілікті және жақсы деңгейді өткізіледі, алайда жүйелі түрде емес. Эксперимент жасау балалардың өмірінде қалыпты жағдай болуы тиіс екеніне тоқталды. Оны ойын-сауық ретінде емес, баланы қоршаған әлеммен таныстыру тәсілі және ой процестерін дамытудың тиімді әдісі ретінде қарастыру керектігін ескертті..

Топтардағы құжаттама мен

көрнекі материалдарды талдау оқу процесінің жоспарлары бақыланатын мәселе бойынша жұмысты тиісінше көрсетпейтіндігін көрсеткенін айтып

өтті. Тәрбиешілерге қарапайым тәжірибелер барысында оларды бақылау күнделіктерінде етіркеп, зерттеушілік іс-әрекетті жүйелі түрде жүргізуге ұсыныс берілді.

Тәрбиешілерге серуендеу кезінде балалардың іс-әрекетін нақты жоспарлау (бақылау, тәжірибелер, дидактикалық эксперимент ойындар) ескертілді.


4. Тыңдалды балабақша әдіскері Б.Мыктыбаева Педагогикалық идеялар аукционы «Менің педагогикалық жаңалығым» тақырыбында тренинг өткізді. Тәрбиешілерге менің ойымда бір идея бар, сенің ойыңда да бір идея бар, егер менің идеям мен сенің идеяңды қоссақ екеуімізде де 2 идеядан болады деп тәрбиешілердің оқу қызметтерде пайдаланып жүрген технологияларын өздері жарнамалау және тәжірибе бөлісуге шақырды. Бұл тренинг өз әріптестерінен байқаған технологияны біліп алуға және қалай пайдалануға болатынын білуге жол ашып берді. Тренинг мақсаты орындалды.

Шешімі.

1. Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы қанағаттанарлық

2. Тәрбиеші А. Досханова «Ойнап оқытамыз: жұмбақ ойындарды қалай қолдануға болады» баяндамасындағы ойындар оқу тәрбие жұмысына ендірілсін.
3. «Балалармен ізденіс-танымдық және тәжірибелік-эксперименттік іс-әрекетті ұйымдастыру» тақырыпты тексеру анықталған кемшіліктер ағымдағы жылдың соңына дейін орындалсын
4. «Менің педагогикалық жаңалығым» тренингіндегі педагогтардың бөліскен тәжірибелері насихатталсын.

Кеңес төрайымы:



Ж.Мухамеджанова

Хатшысы:



С. Алипава